

FTAMP14.35.17

<https://doi.org/10.51889/3005-6381.2024.81.4.005>

Тогабаета Г.Ш.

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
8D01416-Көркем білім, графика және жобалау ББ 1 курс докторанты
Алматы, Қазақстан, e-mail: togabaevagulvira17@gmail.com*

КӨРКЕМ БІЛІМ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ ИНТЕРАКТИВТІ СТРАТЕГИЯЛАР ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫН ДАМУ

Аңдатпа

Жалпы мақалада, көркем педагогика саласында инновациялық интерактивті стратегиялар жүйесімен заманауи білім беруде студенттерге пәнаралық байланысты қалыптастыру мен жеке аспектілерін дамыту қарастырылған. Мақалада көркем педагогиканың шартты үрдістерінің ерекше атмосферасы және ондағы интерактивті стратегиялар тәсілдерінің үйлесуі мен өзара әрекеттесуі қамтылған. Мұнда, нақты негізделген өзекті мәселе, көркем педагогиканың инновациялық интерактивті пәнаралық жаңа тұжырымдамаларын жүйелі түрде заман талабына сай оқыту стратегиясы арқылы дұрыс пайдалану. Нақты айтатын болсақ, пәнаралық байланыстар арқылы білім беру жүйесінде түрлі салалардың кірігуіне және онда студенттердің бірнеше оқу пәндерін жан жақты тұсынан едәуір меңгеруіне негізделген. Соған орай, пәнаралық интеграцияны дамытудың негізі мен білім синтезінің қажеттілігі және оны толық меңгеруге, практикалық кәсіптік деңгейлерін, алдағы қызметтерде білімгерлердің тәжірибінде қолдануларына мүмкіндік береді.

Заман талабына сай көркем білім беру педагогика саласында интерактивті әдістермен жан жақты пән аралық байланыс жасай отырып, зерттеудің тәжірибелік нәтижесін көрсету. Осылайша, ғылыми пәндер санының артуына байланысты, қазіргі таңда пәнаралық интеграцияны дамыту арқылы көркем білім беру саласындағы оқу процесін кеңейтуге жол ашу. Бұл оқушылардың күрделі мәселелерді шешуге қабілеттілігін арттырады. Яғни, пәнаралық байланыс білім берудегі өзара әрекеттестіктің негізгі элементі болып табылады. Зерттеу нысандарына келсек, жалпы интерактивті инновациялық жүйеде түрлі пән аралық байланыстармен көркем педагогика саласында студенттерге өнерді таныту.

Жалпы мақалада, білім беруде бүгінгі таңда оқытудың инновациялық пән аралық байланыстарын дамыту және оны көркем білім беру бағдарламасы бойынша сапалы даярлап қамтамасыз ету жаңа тәсілді қолдану негіздері тұжырымдалды. Оқу процесінде интерактивті заманауи ақпараттарды қолдану студенттердің көркем білім беру педагогика саласында ойларын кеңейтуге және тәжірибелік дағдыларын тереңдетуге мүмкіндік беретін түрлі ғылыми бағыттармен зерттеу негізделді.

Түйін сөздер: көркем білім, педагогика, интерактивті стратегия, инновация, көркемөнер, көркем мәдениет, шеберлік

Тогабаета Г.Ш.

Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, Докторант 1 курса ОП 8D01416 — «Художественное образование, графика и проектирование», Алматы, Казакстан, e-mail: togabaevagulvira17@gmail.com

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: РАЗВИТИЕ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИКЕ ЧЕРЕЗ СИСТЕМУ ИНТЕРАКТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ

Аннагация

В целом в статье в области художественной педагогики рассматривается формирование межпредметных связей и развитие отдельных сторон учащихся в современном образовании с помощью системы инновационных интерактивных стратегий. Статья исследует взаимодействие традиционных и инновационных подходов в художественной педагогике, демонстрируя, как они дополняют друг друга и создают эффективный образовательный процесс. Здесь важным и актуальным вопросом является правильное использование эффективных интерактивных и междисциплинарных концепций художественной педагогики, основанных на системной стратегии обучения, соответствующей современности. Если рассматривать конкретные аспекты, то через междисциплинарные связи в системе образования базируется интеграция различных отраслей и всестороннее освоение студентами нескольких учебных дисциплин. В связи с этим необходимость синтеза знаний и развития междисциплинарной интеграции позволяет в полной мере овладеть ими, достичь профессионального уровня и применять полученные знания на практике в будущей деятельности.

Следует показать практические результаты исследования, осуществляя комплексные междисциплинарные связи с помощью интерактивных методов в сфере художественной педагогики, соответствующей требованиям времени. Таким образом, в связи с увеличением количества научных дисциплин в настоящее время через развитие междисциплинарной интеграции открывается путь к расширению учебного процесса в области художественного образования. Это повышает способности учащихся в решении сложных задач. Иными словами, междисциплинарная коммуникация становится ключевым элементом взаимодействия в образовании. Что касается объектов исследования, то необходимо раскрыть студентам искусство в области художественной педагогики с различными междисциплинарными связями в интерактивной инновационной системе.

В статье изложены основы нового подхода к развитию устойчивых межпредметных связей в современном образовании и полноценной подготовке по программам художественного образования. Использование современных интерактивных информационных ресурсов в процессе обучения основывается на исследованиях в различных научных направлениях, что позволяет студентам расширять свое мышление и углублять практические навыки в области педагогики художественного образования.

Ключевые слова: художественное образование, педагогика, интерактивная стратегия, инновация, искусство, художественная культура, мастерство

Togabaeva G.

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, 1st year doctoral student of EP 8D01416 — Art Education, Graphics and Design, Almaty, Kazakhstan, e-mail: togabaevagulvira17@gmail.com*

ART EDUCATION: THE DEVELOPMENT OF INTERDISCIPLINARY CONNECTIONS IN TEACHING PEDAGOGY TO STUDENTS THROUGH A SYSTEM OF INTERACTIVE STRATEGIES

Abstract

The article explores the formation of interdisciplinary connections and the development of individual student attributes within contemporary education through a system of innovative interactive strategies in the field of art education. The study examines the interplay between traditional and innovative approaches in art pedagogy, illustrating how they complement each other to create an effective educational process. An important and pressing issue is the effective application of interactive and interdisciplinary concepts in art pedagogy, grounded in a systemic teaching strategy that meets the demands of modern times. Specifically, interdisciplinary connections within the educational system facilitate the integration of various disciplines, enabling students to gain a comprehensive understanding of multiple subjects. This requires synthesizing knowledge and developing interdisciplinary integration to fully master these subjects, achieve a professional level, and apply the acquired knowledge in future endeavors. Moreover, it is crucial to elucidate the interdisciplinary connections within art education from both scientific and theoretical perspectives using a system of interactive strategies. The article should showcase practical research findings by implementing comprehensive interdisciplinary connections through interactive methods in art pedagogy that meet contemporary demands. Thus, with the increase in scientific disciplines, a pathway is now emerging through interdisciplinary integration to broaden the educational process in the field of art education. This enhances students' ability to solve complex problems. In other words, interdisciplinary communication becomes a crucial element of interaction in education.

Concerning the objects of study, the article aims to introduce students to art within the context of art pedagogy, exploring various interdisciplinary connections within an innovative interactive system. The article outlines the foundations of a new approach to developing sustainable interdisciplinary connections in modern education and providing comprehensive training in art education programs. The use of modern interactive information resources in the learning process is grounded in research from various scientific fields, enabling students to broaden their thinking and deepen their practical skills in the field of art education pedagogy.

Key words: art education, pedagogy, interactive strategy, innovation, art, artistic culture, mastery

Кіріспе. Көркем білім беру саласында студенттерге интерактивті оқыту идеясын ілгерілендіру барысында дәстүрлі әдістер жүйесінен арылып заманауи оқытудың бет-бейнесін ашып көрсететін, жаһандану идеяларының таралуы да өз дамуын іске асыруда. Соған орай, көркем оқыту бағытында, интерактивті стратегиялар жүйесін алға жылжыту және пәнаралық бағыттарды дамыту ең маңызды алғы шарттардың бірі болып саналуда. Қазіргі білім беру кеңістігінде оны жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар білімгерлермен әлемнің біртұтас көзқарасын қалыптастыра алатын, шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлауын дамыта алатын мұғалімдерді даярлау қажеттілігі артып келеді. Осы бағытта, мысалы: Білім және гуманитарлық ғылымдардың халықаралық журналында: Цянь, Дж. (2024). «Бастауыш сыныпта дәстүрлі мәдениетті қазіргі заманғы көркемдік білім беруге кіріктіру жолдары» туралы [1]. мақаласында нақты дәстүрлі өнерден студенттерге заманауи мәдени интеграцияның дамуын тиімді пайдалануға болатынын ашып көрсеткен болатын.

Жалпы, көркемдік білім бұл педагогикалық дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде, осы мақсаттарға жетуде шешуші рөл атқарады. Ал, Салти, Теодордың. (2021).

«Білім берудегі өнердің рөлі, пәнаралық оқыту және педагогикалық орталар туралы педагогтардың пікірлері» [2] атты жұмысында; пәнаралық оқытудың оқытушылар үшін ыңғайлы және ол оқушылардың қызығушылығын арттыратынын атап кеткен, осы арқылы түрлі дәйеккөздермен тұжырымдамалар жасай отырып, оқыту әдістемесін кеңінен ашып қарастырдық. Алайда, өнерді оқытудың дәстүрлі әдістері көбінесе теориялық біліммен ғана шектеледі және әрдайым практикалық дағдылар мен пәнаралық байланыстардың дамуын қамтамасыз ете бермейді. Сондықтан да, пәнаралық байланыс арқылы интерактивті заманауи оқыту жүйесімен жаңа идеяларды білімгерлерге толығымен ашып жеткізу арқылы көркем білім беру саласында арттыру. Пәнаралық байланыс бұл оқушылардың әлемді жан-жақты тұсынан егжей-тегжейлі түрлі заманауи көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Заман талабына сай интерактивті стратегиялардың ең маңызды ерекшелігі – көркем педагогика саласында олардың нақты үдеріс деңгейлерінің қайталануы, яғни;

- Кез келген кезеңдердің сипаттамасы;
- Мұғалім мен оқушының оқу мақсаттарына сәйкес іс-әрекетінің сипаты;
- Педагогикалық нәтижелік көріністер;
- Пәнаралық тапсырмаларды орындау барысында студенттердің өзара әрекеттесуін зерттеу;
- Оқу тәрбие процесінде пәндердің инновациялық үйлесімін табу;

Осылайша, әр түрлі педагогикалық интерактивті стратегиялардың әзірленген жүйесін пайдалана отырып, эксперименттік оқытуды дамыту методикасын қолдану. Жалпы, студенттерге көркем педагогика саласында интерактивті компьютерлік технологияларды белсенді үйретіп сан қилы жобалармен ғана шектеліп қоймай, оларды жан - жақты пәнаралық жобалармен де таныс ете білу. Демек, адамзаттық құндылықтардың басымдылығын негізге ала отырып, бүгінгі бейнелеу өнері пәндерінің бағдарламаларын білімгерлер үшін әсіресе көркемдік білім берудің міндетті мазмұнын осылайша анықтауға болады. Мысалы: кез келген кезеңдердің сипаттамасына келсек; ол оқушылармен бірлесіп өнер туындыларын талқылауға, олардың шығармашылық қабілетін және коммуникативті дағдыларын дамытуға сол сияқты оқылатын материалды терең түсінуге талпындыру. Мұнда студенттерді еркіндікке және өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Студент еркіндікке талпынған сайын, жеке тұлға болып машықтануға тырысады. Шығармашылық ой деңгейлері нығаяды. Осы арқылы 1.2.суретте қамтылған көрініс бойынша студенттердің өзара әрекеттесуімен білімгерлердің оқу мақсаттарына сәйкес іс әрекеті де қалыптасады.



Сурет 1. Шығармашылық талқылау



Сурет 2. Шығармашылық талқылау

Негізінен, студенттермен шығармашылық талқылау жүргізу арқылы бірнеше нәтижелерге жетуге болады. Мұнда, білімгерлердің рухани және мәдени деңгейлерінің жаңашылдық көзқарастарының түпті негізі өнерге деген қызығушылықтарының қалыптасуы мен дамуы арқылы көрініс табады.

Ал енді, заман талабына сай инновациялық жаңалықтарды бейнелеу өнерін оқытуда белсенді түрі ол әрине интерактивті әдістер. Бұл «интерактивті» ұғымның өзі білім және көркем шығармашылыққа итермелейтін өзара әрекеттесуді білдіретін (inter - өзара, act - әрекет ету) деген мағынаны көрсетеді. Демек, интерактивті оқыту ең алдымен оны оқытушы мен студенттің арасындағы жеке әрекеттесу жүйесімен іске асыру.

Нақты айтқанда, көркем білім беру педагогика саласы интерактивті оқытуда белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған танымдық бейнелеу әрекетін ұйымдастырудың ерекше түрі болып табылады. Соның бірі – оқушының өзін көркемдік-шығармашылық табысын, жеке және рухани-эмоционалдық құндылығын, интеллектуалдық сезінуіне жағдай жасау, бұл оқу процесінің өзін өнімді етеді. Көркем білім беру жүйесінде интерактивті оқытудың шынайы мәні, ол оның техникалық жағында ғана емес, қазіргі мультимедиялық құралдар беретін түрлі мүмкіндіктермен байланысуында. Әрбір, мультимедиялық құралдар арқылы білімгерлердің де ой өрісі де шынайы деңгейде өсуде. Осыған орай, әрбір көркем педагогика саласында оқытудың кез келген пән аралық негізгі маңызды шарттармен әдетте күтпеген жағдайлардан қамтиды, өйткені оқытушы мен студент арасындағы байланыс пен қайталанбас оқиғалар, траекториялар, қажеттіліктер мен сезімдер осы орайда туындайды. Жаңа пән аралық комбинацияларды игере отырып оқушы бойында еліктеу мен шығармашылық қасиет қалыптасады. Теориялық оқу элементтерін практикалық материалдандыру арқылы біріктірген тәжірибеде еліктеу-шығармашылық бірлігі мұғалімнің шеберлігін дамытудың маңызды принципі болып табылады. Осының нәтижесінде оқушының жеке тұлғасының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылып олардың шығармашылығы оянып, әлемді көру қабілеті кеңейеді. Осылайша, көркем педагогика саласында әртүрлі пәндерді біріктіре отырып, әрбір оқушының бойындағы таланттың гүлденуіне жол ашуға, олардың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып олардың негізгі қасиеттерін көре білуіміз қажет. Соған орай, олардың бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Білімгерлердің оқу үрдісіне белсенді түрде қатысулары;
2. Шығармашылық қабілеттері мен стандартты емес ойлау қабілеттерінің дамуы;
3. Жеке аралық қатынастарды нығайтып, ынтымақтастыққа талпыну;
4. Әртүрлі өнер түрлері арқылы оқу материалын терең меңгерулері. Міне осы бағыттарды, келесі 3 сурет арқылы көруімізге болады;



Сурет 3. Оқушының шығармашылық бағыты

Осылайша, жоғарыда көрсетілген сурет негізінде берілген мәліметтер арқылы білім алушылардың ойлау қабілетінің тереңдеу деңгейін салыстыруға мүмкіндігі туады. Жеке және топтық тапсырмалардың нәтижелерін талдау арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілетінің даму ерекшеліктерін анықтай аламыз. Демек, мұндағы жұмыстарды салыстыру арқылы олардағы терең ойлар мен тұжырымдарды анықтау үшін зерттеу жүргізуге болады. Әрине, әрбір пән мұғалімі өз сабақтарында түрлі методикаларды қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін бірнеше әдістермен пәнаралық байланыс жасай отырып бағалауға болады. Жалпы, көркем педагогиканың дамуы және нақты әдістері мен коррекциялық жұмыстарының түрлері арасындағы органикалық байланыс оқыту процесін тиімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ондағы негізгі жағдайды ескере отырып, олардың оңтайлы комбинациясындағы бірнеше әдістерін де өте мұқият таңдауды талап етеді. Оқытушы өз шеберлігін пән аралық стратегиялар жүйесі арқылы ұтымды қолданған жөн. Мысалы; тарихи көріністі еске түсіретін болсақ;

1919 жылы Германия күйреуде болған, бірінші дүниежүзілік соғыста толық жеңіліске ұшыраған, қорқынышты гиперинфляция және халықтың көпшілігінің өмір сүруде үмітсіздігінің санасынан қараңғылығы қалыптасқан заман еді. Міне, осы әлеуметтік болмыстың қоқысында болашаққа деген нұрлы үміттің әлсіз сәулесіндей жаңа типтегі Вальдорф мектебі пайда болады, онда олар күш пен қатыгездік культіне негізделген көше мәдениетін, жалпы адамзаттық құндылықтарды үйретіп, ізгілік пен гуманизм идеяларына негізделген талаптар құрады. Бүгінгі таңда Германияда Р.Штайнердің ұтымды стратегиялық идеялары керемет ұлттық рухани мұраға айналған [3].

Жалпы, Рудольф Штайнердің педагогикалық көзқарастары негізінде құрылған Вальдорф мектептері бүгінде күнде әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Германияда кең таралған. Штайнердің педагогикалық тұжырымдамасы баланың жалпы дамуына бағытталған, жастардың интеллектуалды, эмоционалды және рухани қабілеттерін дамытуға баса назар аударады. Ал енді, Штайнердің негізгі идеяларына сүйене отырып, оқытудың интерактивті стратегияларын жан-жақты тұсынан қарастыратын болсақ:

-*Оқушының тұтастығы*: баланы тұтас бірлік ретінде қарастыру, оның физикалық, эмоционалды және рухани аспектілерін бір-бірімен тығыз байланысты етіп қарау.

-*Еркін оқыту*: Оқыту процесінде баланың табиғи қызығушылығы мен қабілеттерін ескеру. Балалардың өз бетінше ойлауы мен шығармашылығын ынталандыру.

- *Өнердің маңыздылығы*: Өнер пәндерінің байланысы (сурет салу, мүсін, графика, музыка, театр т.б) баланың жан-жақты дамуы үшін өте маңызды құрал. Өнер арқылы балалар әлемді сезінеді, түсінеді және өздерін тани біледі.

-*Әлеуметтік даму*: Мектептерде, жоғары оқу орындарында білімгерлердің бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне ерекше көңіл бөлу. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

-*Оқытушының рөлі:* Мұғалім бұл әрдайым бала үшін үлгі болып табылады және оның рухани өсуіне үлес қосады.

Демек, осы әдістер арқылы көркем білім беру барысында пәнаралық байланыстарды тереңірек қолдана келе, өнердің әр түрлі салаларында шығармашылық үрдістермен өзара тығыз байланыстырып оның маңыздылығын бағалау.

Зерттеу нәтижелері. Осы тұста айта кететін болсақ, студенттерге көркем білім беру саласында жаңа техниканың гуманитарлық әлеуетін заманауи стратегиялар жүйесі арқылы ашып, оның мақсатты аудиториясымен таныс ету. Яғни, әрбір студенттің субъективті тәжірибесін пән аралық байланыс арқылы нақтылап көрсету. Олардың әрқайсысына біріктірілген мәтін құру тақырыбын негіз етіп онда арнайы көркем композициялық бірегей жеке контексттерді ашу арқылы ойлаған нәтижеге жету. Тақырып мәтініне қарай қызықты композиция құрай отырып әрбір оқушы жеке инновациялық сценарий жүйесін жасап, онда өз мәліметін ұсыну. Әрине, кез келген тақырыптың аспектілерін талқылау палитрасы соғұрлым бай болу қажет. Міне, бұл әдістеменің гуманитарлық әлеуетін келесі жүйемен анықтауға болады:

- мұғалімнің студенттерге жан - жақты көркем мәтіндерді түсіндіру қабілеті және оларды тәжірибие жүзінде аша білу;
- жалпы кез келген мәтінмен, суретпен жұмыс істеуге дайындығы;
- схемалық категориялар жүйесі арқылы, оқытушы студенттердің тапқан мәліметтерін жинақтау.
- көркем шығармашылық ақпараттарды, қызықты контексттермен ашып көрсету.

Осы жоғарыда, қарастырылған әдістемелік жүйемен жалпы нәтижелеріне келсек, көркем білім беру саласында әрбір оқытушы түрлі пәнаралық байланыс жасай отырып, заманға сай талаптармен білімгерлердің бірегей талабын күшейту.

Қазіргі қоғамда заманауи ақпараттармен жұмыс істеу және оның практикалық мәселелерін шешуде жүзеге асыру үшін онда тәжірибиеге қатысты маңызды нәрсені алу қабілеті әл-ауқаттың алғышарты болып табылады. Ал, осы функционалдық сауаттылықтың негізі пән аралық байланыс арқылы дамиды [4, б.3]. Жалпы, жоғарыда айтып кеткеніміздей, оқытушы өзінің әрбір сабақтарында табысқа жетудің негізі басты құралы ол кез келген пәнді өз саласына жетудің кілті етіп пайдалану қажет. Оқушылар өнердің әр түрін бөлек қабылдайды. Пәнаралық оқыту – бұл «жаңа, интеграцияланған түсінуге қол жеткізу үшін пән мазмұны арасындағы шекараларды байланыстыратын екі немесе одан да көп пәндер арасындағы жұмыс» [5, б.25].

Міне осылайша «Өнердің жан - жақты байланысы олардың бірін-бірі толықтыруы көркем бейненің тереңірек, эмоционалды ашылуына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді» [6,б.32].

Осы арқылы оқушыларды өнерді тереңірек зерттеуге дағдыландыру. Әрине, көркем өнер мен ғылым, екі жақты процесте бір-бірін толықтырып отыратын құбылыстар. Атап айтқанда:

- *Бейнелеу өнері;*
- *Өнер тарихы;*
- *Өнер теориясы;*
- *Көркем практикалық шығармашылық;*
- *Дизайн және графика.*
- *Сән дизайн технологиясы;*

Осы, пәндерді басқа пәндермен ұштастыру 4 суретте көрсетілген онда оқу процесін әртараптандырып, нақты нәтижеге жету үшін оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.



Сурет 4. Пәнаралық байланыс

Пәнаралық байланыс студенттерге жүйелі түрде көркемдік және бейнелеу өнері туралы білімдерін нығайтуға, өнер туындыларына шығармашылық құштарлықтарының артуына әр түрлі қызықты формалармен танысуға және басқа да өнер формаларында көркем-бейнелі ойлау және бірлесіп еркін жұмыс жасау арқылы білімгерлер мен оқытушылардың қарым-қатынас қабілеті ұлғая түседі. Демек, қазіргі заманғы оқыту процестері күрделі шешімдерді қажет етеді және оларды бір ғана пән шеңберінде табу мүмкін емес. Сондықтан да пәнаралық байланыстар мен білімдерді интеграциялауға көбірек көңіл бөлінсе нақты нәтижеге жете аламыз. Соған орай, әрбір пәннің сәйкестігіне қарай жіктеп негізгі принциптерін таба білу.


Сондықтан да жоғары сапалы, заманауи оқытуды жүзеге асыру үшін жаңа әдістемелерді әсіресе, көркем педагогика саласында кәсіби білім беруде көбірек қолдану қажет. Нақты айтатын болсақ, бірнеше пән аралық байланыс арқылы оқытушы түрлі методикалармен байланыс жасай білу керек, ол 5 суретте көріп отырғанымыздай көркем өнер пәндерінің интеграциясы.



Сурет 5. Пәнаралық байланыс

Әрбір, зерделеніп алынған пән мен тақырыпқа сәйкес негізгі объект тұжырымдамасы мен мақсаттарын көрсетуіміз қажет. Бұл бағыттың тағы бір міндеті – оқушыларды белсендіру. Мысалы, әрбір оқушыны зерттелетін тақырып бойынша бұрыннан белгілі нәрсені есте сақтауға шақыру, сол арқылы жұпта немесе топта жазылғанын бөлісу, бүкіл топқа қатысты түйінді сөздер немесе картиналар арқылы жіктеу және оқытушымен талқылау.

Осылайша, кез келген студентке зерттелетін тақырып бойынша оның бұрыннан білетінін талдауға мүмкіндік беру, бұл оның жеке мақсаттары мен мотивтерін тұжырымдауға қосымша ынталандыруға жетелейді. Дәл, осы тапсырма арқылы сынақ кезеңінде шешуге болады. Демек, келесі 6 сурет бойынша білімгермен жұмыс жасау барысында қолданылатын тәсіл түрі;



Сурет 6. Сынақ

Әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау барысында осы сынақ арқылы қорытындылау. Осыған орай, кез келген оқу процесіне байланысты стратегиялар жүйесі дидактикалық сипатқа ие және олар нақты пәнмен қатаң байланысты емес. Демек, оқу стратегияларын қарауға арналған материалдың көлемі пән мазмұнымен салыстырылып отыру қажет. Ешбір оқушы оқу стратегияларының шексіз санын меңгере алмайды. Оқыту процесінде стратегиялар көп болмауы керек екенін де түсіну керек. Танымды қажетті материалдармен сабақтас етіп қана нақты тақырыпқа сәйкес жасау. Міне осы нәтижелермен оқытушының нақты жүйелерді қандай мақсаттарға бағытталғаны туралы жақсы түсінігі қалыптасады. Сондықтан да оқу стратегияларын толығымен меңгеріп оларды мағыналы пайдалануды ескеру қажет. Осылайша, түрлі интерактивті қызықтыру стратегиялары арқылы білімгерлердің шеберлігін дамытуға болады. Оқушылардың шығармашылығын ынталандыру және олардың әлемді түсінуін тереңдету арқылы көркемдік білім беруде онда басқа оқу пәндерімен үйлестіре отырып әртүрлі тәсілдерін елестету. Демек, жоғарыда айтылған нәтиже көрсеткіштерімен әрбір оқытушы интерактивті стратегияны таңдау шарттары арқылы сан қилы тәжірибиелермен білімгерлерге пән аралық байланыс жасай отырып өз шеберлігін ұтымды пайдалану.

Қорытынды. Көркем педагогиканың заманауи интерактивті стратегиялар жүйесі білім берудің әртүрлі салалармен тікелей байланысты. Ал, көркемөнер педагогикасы, ол өзіндік жолмен студенттерге шығармашылық бағыт беретін, нақты әлеуметтік жеке қажеттіліктері бар балалармен жұмыс арқылы жан - жақты мәселелерді де қамтуға жол ашады. Міне осылайша, пәнаралық зерттеулер мен білім беру бағдарламаларының белсенді дамуы студенттердің әлем туралы толыққанды түсініктерін қалыптастыруға және адамзат алдында тұрған түрлі мәселелерді шеше алатын мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Негізінен, заманауи білім берудегі пәнаралық байланыстың интерактивті әдістері арқылы бейнелеу өнері саласында практикалық жұмыстармен үйлестіре отырып, ғылымның түрлі салаларындағы жаңа зерттеулерге негіз болатын идеяларды ұсынуға болады. Нақты айтатын болсақ, көркем өнер саласында интерактивті әдістермен оқу процесінде әртүрлі пәндерді байланыстырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға және әлем туралы терең ой мен түсініктерін қалыптастыруға түрлі идеялармен бағыттауға ынталандыру. Демек, осы білім беру саласында интерактивті заманауи стратегиялар

дағдыларын үйлесімді қолдана білген оқытушы ғана ол кез келген жеке тұлғаны дамытуға, олардың ой санасын кеңейтуге мүмкіндіктер бере алады. Соған орай, пәнаралық байланысты дамыту арқылы оқытушы мен білімгер арасында пікірталастар болып оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашылады. Жалпылама алғанда мақаланың мазмұны бұл ары қарай толығымен зерттеуді қажет көлемді тақырып. Соған орай алдағы уақытта оның оның тиімді жолдарын зерттеу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Цянь, Дж. Пути интеграции традиционной культуры в современное художественное образование в начальной школе. *Международный журнал образования и гуманитарных наук*, 2024.-15 (2), 100-103.
2. Салти, Т. (). *Взгляды педагогов на искусство в образовании, междисциплинарное обучение и педагогические среды. Искусство и физическая педагогическая среда как «педагоги»*. Университет Гетеборга, 2021.
3. Капранова М. Н. *Методика проектирования уроков в современной информационной образовательной среде. Опыт работы по ФГОС ООО* / М. Н. Капранова. — Волгоград : Учитель, 2015 — 98 с.
4. Смагулова, Г. К. *Междисциплинарное обучение: художественный и театральный синтез* / Г. К. Смагулова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2023. — № 13 (460). — С. 174-176. — URL: <https://moluch.ru/archive/460/101145>.
5. Срини Джанарсанам. *Практическое руководство по разработке чат-интерфейсов: пер. с англ.: М. Райтман*. - М.: ДМК Пресс, 2019. - 340 с.
6. Хворостов, А.С. *Маркетри и инкрустация (искусство и технология), учебное пособие* / А.С. Хворостов, Д.А. Хворостов. – М.: Форум, 2024. – 223 с

References

1. Qian, J. *Ways of integrating traditional culture into modern art education in primary schools. International Journal of Education and Humanities*, 2024.-15(2), 100-103.
2. Salti, T. (). *Educators' perspectives on arts in education, interdisciplinary teaching and pedagogical environments. Arts and physical pedagogical environments as "educators"*. University of Gothenburg, 2021.
3. Kapranova M. N. *Methodology for designing lessons in a modern information educational environment. Experience in working under Federal State Educational Standards LLC* / M. N. Kapranova. — Volgograd: Teacher, 2015 — 98 p.
4. Smagulova, G. K. *Interdisciplinary training: artistic and theatrical synthesis* / G. K. Smagulova. — Text: direct // Young scientist. - 2023. - No. 13 (460). — pp. 174-176. — URL: <https://moluch.ru/archive/460/101145/> (date of access: 04/24/2024).
5. Srinii Janarsanam. *Practical guide to developing chat interfaces: trans. from English: M. Reitman*. - M.: DMK Press, 2019. - 340 p.
- Khvorostov, A.S. *Marquetry and Inlay (Art and Technology): Textbook* / A.S. Khvorostov, D.A. Khvorostov. – Moscow: Forum, 2024. – 223 p..